

"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 65 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 ақпандағы N 76 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 наурызда N 4419 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы N 03-16/97 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 27.03.2014 N 03-16/97 хатымен).

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. "2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы кезекті он бірінші сессиясының N 65 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4389 нөмірімен тіркелген, 2013 жылдың 19 қаңтарында аудандық "Толқын" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

3–тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2013 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін."

осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес аталған шешім 8-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

<i>Арал аудандық мәслихатының кезектен тыс он үшінші сессиясының төрағасы</i>	<i>Ш. Медетов</i>
<i>Арал аудандық мәслихатының хатшысы</i>	<i>К. Данабай</i>

2013 жылғы "26" ақпандағы N 76
Арал аудандық мәслихатының
кезектен тыс он үшінші сессиясының
шешіміне 1-қосымша

2012 жылғы "19" желтоқсандағы N 65
Арал аудандық мәслихатының
кезекті он бірінші сессиясының
шешіміне 8-қосымша

**2013 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде
секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі**

Атауы
Жалпы білім беру
Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру